



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

поддержки на республиканском и региональном уровнях. Также в каждом регионе для поддержки инноваций необходимо предусмотреть создание региональных институтов развития (офисы инноваций), в том числе на базе технологических парков.

- В-четвертых, усовершенствовать нормативно-правовую базу в области регулирования государственных закупок, в части определения критериев инновационности товаров и услуг, а также их минимальной доли в закупках. соответствующие нормы должны будут отражены в Типовых правилах закупок товаров, работ и услуг, осуществляемых национальным управляющим холдингом, национальными холдингами, национальными компаниями.

- В-пятых, особое место в инновационной системе необходимо отвести развитию отраслевых конструкторских бюро, которые будут содействовать внедрению новых производств, в том числе через оказание инжиниринговых услуг, обеспечению промышленных предприятий технической документацией, созданию опытно-экспериментальных участков, оказанию субъектам индустриально-инновационной деятельности высокотехнологических услуг, повышению компетенции производственных предприятий.

- В-шестых, существует необходимость в принятии комплекса мер по привлечению научных талантов из-за рубежа и стимулированию возвращения ученых-соотечественников из-за рубежа, предусматривающего конкурентные условия их пребывания на уровне мировых стандартов и всю необходимую адаптационную поддержку.

Список использованных источников

1. Государственная программа форсированного индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2010-2014 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958.
2. Кириченко Е.Е. Современные общемировые тенденции развития инноваций //Современные научные исследования и инновации. 2013. № 3 [Электронный ресурс].
3. Наука и инновационная деятельность Казахстана 2009-2013: Статистический сборник. Агентство по статистике РК: Астана, 2014, <http://www.stat.gov.kz/>

УДК 33.338.012

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұрманбет Камила Қайсарқызы

Kamila_2807@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
қаржы мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.Қ. Ауелбекова

Шағын және орта кәсіпкерліктің нарықтық экономикада алатын орны ерекше. Өйткені, орта және шағын кәсіпкерлік - экономиканың ұтқыр әрі нәтижелі секторы және экономикалық өсу факторларының бірі болып табылады. Аса өзекті экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу барысында шағын және орта бизнестің рөлі айтарлықтай басым. Мемлекет тарапынан елеулі шығындарды талап етпестен, шағын және орта бизнес «салауатты» бәсекелі ортаның қалыптасуына, нарықтық тепе-теңдіктің орнауына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, жағдайы орташа тұрғындар тобының қалыптасуына, тұрғындардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасайды, ал бұл – ақыр соңында, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етеді.

Орта және шағын бизнестің даму мәселелері біздің еліміздің басшылығы үшін әрдайым басымдықты мәселе болып табылады. Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында шағын және орта бизнестің дамуын – еліміздің экономикалық саясатының басымдықты

бағыттарының біріне жатқызған. Шағын және орта бизнесті дамыту – Қазақстанның ХХІ ғасырдағы индустриалдық және әлеуметтік жаңаруының басты құралы болып табылады. Біздің экономикамыздағы шағын және орта бизнестің үлесі қаншалықты көп болса – Қазақстанның дамуы да соншалықты тұрақты болады [1].

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытпай, нарықтық экономиканы қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені, бұл – нарықтық қатынастарды алға жетелеуші буын. Осы орайда Елбасымыз Қазақстан халқына жолдауында: «Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде шағын және орта бизнес олардың барлық кәсіпорындары санының 90%-дан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар жалпы ішкі өнімнің 50%-дан астамын береді. Сондықтан да біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуіміз қажет» деп айтқан болатын [2]. Ал біздің елімізде шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ-ді үлесі 20,2%-ды ғана құрайды. Қазақстан үшін шағын бизнестің қалыптасуы жоғары дамыған қоғамға, жоғары дамыған экономикаға өтетін көпір болуы қажет. Сондықтан, Елбасы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту Қазақстанның аса маңызды мақсаттарының бірі деп белгіледі.

ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес, Қазақстанда соңғы 9 жылда шағын және орта бизнестің тіркелген кәсіпорындарының саны екі еседен артық мөлшерге өсіп, 2013 жылдың нәтижелері бойынша 1 542 мың бірлікті құраған [3]. Осылайша, шағын және орта бизнес экономикалық тұрғыда белсенді тұрғындардың арасындағы барынша кеңінен тараған қызметтің түріне айналып отыр. Бұл – мемлекетіміздің жоспарлы саясатының дұрыс таңдалғанын, сондай-ақ еліміздегі бизнес-климаттың қолайлы екенін куәландырады.

Дүниежүзілік Банктің Doing Business рейтингісінің нәтижелері бойынша 2014 жылы Қазақстан 2013 жылмен салыстырғанда өз позициясын 3 тармаққа жақсартып, 189 елдің арасында 50 орынды иемденген [4]. Бұл зерттеу жыл сайынғы негізде 189 елде өткізіліп отырады және ол бойынша бизнес-климат қолайлылығының 10 бағыты бойынша елдердің рейтингісі анықталады.

2013 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша елде белсенді жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілерінің саны өсуде, олардың шығаратын өнім ауқымы да артуда. Қазақстанда қазіргі кезде 755 302 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны тіркеліпті. Оның ішінде 61 935-і - шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 8 308, яғни фирма-компаниялар. Олар жалпы санның небары 1,1%-ын құрайды. Ең үлкен үлес (69,1%-ы) жеке кәсіпкерлерге тиесілі, бүгінде Қазақстанда 521 914 жеке кәсіпкер бар. Ал еліміздегі шаруа қожалықтарының саны қазіргі кезде - 163 145 (бұл - ШОК нысандарының 21,6%-ы). 2012 жылы белсенді ШОК нысандары Астана қаласында күрт артқан (биылғы І жартыжылдықта бірден 32,9%-ға). Ең көп кәсіпкерлер Алматы (103 146) және Оңтүстік Қазақстан облыстарында (109 361) тіркелген.

Елімізде шағын және орта бизнестің қанат жаюына жағдай жасап, табысты саланың өркендеуіне айрықша көңіл бөлуде. Аталған бизнес позициясының жақсаруы негізінен компаниялардың Халыққа қызмет көрсету орталықтарында тіркелу уақытының қысқаруының есебінен, сондай-ақ меншікті тіркеудің жылдамдатылған рәсімінің енгізілуінің арқасында орын алып отыр. Кешенді институционалдық шараларды өткізу – «Doing Business» рейтингісінің келесі индикаторларының жақсаруына жағдай жасады: «Құрылысқа рұқсат алу» (145 орын, 4 позицияға жақсарған), «Меншікті тіркеу» (18 орын, 9 позицияға жақсарған), «Төлеу қабілетсіздігін шешу» (54 орын, 1 позицияға жақсарған). Сонымен қатар, «Салық салу» (18 орын) және «Халықаралық сауда жүргізу» (186 орын) секілді индикаторлар өзгеріссіз қалып отыр. «Кәсіпорынды тіркеу» (30 орын, 3 позицияға нашарлаған), «Электрмен жабдықтау жүйесіне қосу» (87 орын, 2 позицияға нашарлаған), «Несиелендіру» (86 орын, 4 позицияға нашарлаған), «Инвесторларды қорғау» (22 орын, 1 позицияға нашарлаған) және «Контрактілердің орындалуын қамтамасыз ету» (27 орын, 1 позицияға нашарлаған) секілді индикаторларда нашарлау дерегі орын алған.

Шағын бизнестің кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санындағы үлесі бойынша Қазақстан дамыған елдермен теңесті, алайда шағын кәсіпкерліктің тиімділік көрсеткіштері

бойынша әлі де болса кем тұстары бар. Яғни шағын және орта бизнесті дамытуды бұдан да жоғары деңгейге жеткізуіміз керек, кәсіпорындарда жаңашыл заман талаптарына сай дамытушы әдіс - тәсілдерді енгізу, оның ішінде маркетингтік қызметтерді алға қарай жылжытуды көздеуіміз керек. Бұл өз кезегінде тарихи, геосаяси, макроэкономикалық сипаттағы объективті себептерге, сонымен қатар заңнама, мемлекет саясаты, құқық қолдану практикасы, жергілікті басқару факторларына да негізделген.

Қазіргі таңда шағын бизнестің одан әрі дамуы үшін көптеген іс-шаралар жүргізілуде: шағын бизнес субъектілерін тіркеудің, оларды жабудың, лицензиялау мен патенттеудің тәртібі оңайлатылды; оңайлатылған есептілік құрылымы жасалды, оның өсуін көтермелеу мақсатында қолданылмайтын мемлекеттік мүліктің бөлігі шағын бизнеске берілді, мемлекеттік қолдау, соның ішінде қаражаттық қолдау жүйесі ұйымдастырылды.

Алайда мемлекеттік қолдаудың бүгінгі күнгі жүйесіз іс-әрекеті шағын бизнес нысандарының жабылуын жылдамдатты.

Шағын кәсіпорындардың өмір сүру мерзімінің қысқа болуына әсер етуші факторлар:

- қаржының жетіспеушілігі;
- ресурс қорының әлсіздігі;
- салық қысымдары;
- қылмыстық құрылымдардың қысымы;
- әкімшілік кедергілердің көптігі;
- заң құжаттарының жетілдірілмеуі, тұрақсыздығы және әрекет етпеуі;
- тауар өткізу нарығының таралуы;
- монополияның қысымы.

Шағын фирмалардың деңгейінің қаржылық нашарлауына халықтың басым көпшілігінің кедейшілік жағдайға жетіп, төлем қабілетінің құлдырауы тікелей әсер етуде. Осы орайда мемлекеттік қолдаудың бағыттары бойынша бірнеше нақты шараларды іске асыру қажет.

Бірінші шара – шағын кәсіпкерліктің мүдделерін қорғайтын салық реформасын жасау керек, атап айтқанда, біріншіден, экономиканың бұл секторына мемлекет тарапынан таза фискалдық көзқарасты өзгерту; екіншіден, тиімді инвестициялар тарту үшін салық жеңілдіктерін енгізу. Кәсіпкерлерді мемлекет қылмыстық құрылымдардан қорғауы тиіс. Сонымен қатар, кәсіпкерлер өздерінің қоғамдық ұйымдарын мемлекеттік, аймақтық, жергілікті деңгейлерде құрып, өз-өздерін кәсіби жүйе арқылы қорғай алатындай жағдай жасау керек. Мемлекет мұқтаж өнімдерді шығаруға шағын кәсіпкерлік нысандары үшін міндетті түрдегі кіші квота енгізу – тауар өткізу нарығындағы шағын кәсіпорындардың тұрақтылығын нығайта түседі. Сондай-ақ, импортқа квота енгізу де шағын фирмалардың «тынысын кеңейте түспек». Екінші шара – шағын кәсіпкерлікке қаржылық жәрдем беретін арнайы қаржылық қорларды құру. Бұл қорлардың шағын кәсіпорындардың қаржылық жағдайы мен «ірге тасына» қарай, тіпті, несие алуға кепілдік бере алатындығы анық. Үшінші шара – монополияға қарсы күрес, әділетті бәсекелестік орнату, тұтынушылар құқығын қорғау, осыларды іс-жүзінде жетілдіру үшін республика бойынша шағын кәсіпкерлікті қолдаудың жүйесін жасау.

Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдау мен дамыту – Қазақстанның экономикалық саясатының стратегиялық міндеттерінің қатарынан саналады. Соңғы жылдардағы кәсіпкерлікті қолдау жөнінде қабылданған заңдар мен бағдарламалардың шоғыры орталық басқару органдарының бұл салаға шынайы назар аударғанын айғақтайды. Мемлекет басшысының «Қазақстан-2030» стратегиялық еңбегінде әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттары ретінде кәсіпкерлікті дамытуды қолдауды атап өткендігі жайдан-жай емес. Кәсіпкерлік пен бизнесті тиімді қолдау мен жеделдете дамыту міндетін орындау жекелеген тұлғаның, кәсіпорынның ғана емес, тұтас мемлекеттің экономикалық болашағын айқындайтын негізгі факторлардың бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мейірбеков Б.К. Шағын кәсіпкерлік пен қолдау жолдары мен дамыту әдістері. – Алматы, 2004. –Б.24
2. Аязбеков Д. Президент шағын және орта кәсіпкерлікті қолдайды //Ақиқат, №2, 1999, -Б.15-20
3. Хамитов А.Ш «Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру», www.group-global.org сайты
4. Райхан Н. ҚР өңірлік даму министрлігінің 2013-2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы //Ақиқат, №2, 1999, - Б.15-19

ӘОЖ 336.1

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЕСЕБІНЕН ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Ұзақбай Ислам Жомартұлы

islam.uzakbai@mail.ru

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті

Ғылыми жетекшісі – Б.С. Саубетова

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры ҚР Ұлттық банкіндегі ҚР Үкіметінің шотында шоғырланған қаржы активтері түрінде, сонымен бірге, материалдық емес активтерді ескермегенде, басқа мүлік түріндегі мемлекет активтерін білдіреді.

ҚР Президентінің 2000 ж. 23 тамыздағы № 402 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы» Жарлығына сәйкес құрылған. Ұлттық қордың мақсаттары мен міндеттері ҚР Президентінің 2001 ж. 29 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы» Жарлығында белгіленген болатын.

ҚР Ұлттық қорының негізгі мақсаты болашақ ұрпақтар үшін жинақтарды құрастыру арқылы қаржы ресурстарын сақтау және республикалық бюджеттің әлемдік шикізаттық нарықтардан тәуелділігін төмендету.

Сәйкесінше, Ұлттық қордың қызметі болып жинақтау және тұрақтандыру қызметтері табылады.

Кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру үшін және экономиканы несие ресурстарымен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 және 2015 жылдары Ұлттық қордан 1 триллион теңге бөлуді тапсырды. 2014 жылдың сәуір айында Елбасының тапсырмасын орындау үшін өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті жеңілдікпен қаржыландыруға 100 млрд. теңге бөлінді. Ұлттық қор қаражатының игерілуінің алғашқы қорытындылары көрсетіп отырғандай, өңдеу секторында оң өзгерістер болып жатыр, бұл қабылданған шараның уақтылығын куәландырады.

Бұрын-соңды болмаған қолдау жағдайлары

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама іске асырыла бастағаннан бері Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі секторы 2008 жылғы көрсеткіштен 25,8%-ға өсті, сөйтіп 2010-2013 жылдары оң жылдық өсім сақталып отыр. Алайда бұл кезеңде сектордың жыл сайынғы өсімі қарқындарының баяулау тенденциясы да байқалды, 2012-2013 жылдары ол ЖІӨ өсімінің деңгейінен төмен түсіп қалды.